

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті
Білім беру саласы	7M01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламасының тобы	M017 Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы «7M01701-Қазақ тілі мен әдебиет» бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
ҰБШ бойынша деңгейі	Магистратура, деңгей 7
Берілетін дәреже	«7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	АРТА, 24.05.2019 ж.-23.05.2026 ж. куәлік №АВ 2456
Білім беру бағдарламасының рейтингі	<i>Атамекен:</i> 2021 ж. – 9-дың ішінен 1 орын; 2022 ж. – 6-дың ішінен 1 орын; 2023 ж. – 10-ның ішінен 9 орын; <i>БСҚТА:</i> 1 орын
Жалпы академиялық кредит саны	120
Оқу мерзімі	2 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникатив тілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік мәдени жағдайына сәйкес еліміздің жоғарғы оқу орындарының алдында болашақ мамандарды кәсіби білімдендірумен қатар, оларды өз ұлтының әдеби мұраларын, ұлттық құндылықтарын дәріптейтін оқу мен оқытуға креативті шығармашылықпен талпынатын құзіретті тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізделуі – арнайы кәсіби білім беру мен оның дүниетанымын, құндылықты бағдарын, білік ұстанымын қалыптастыру, оқыту үрдісінде магистрантты ғылыми-зерттеушілік пен әдітемелік тұрғыда даярлаудың бірлікте жүргізілуімен сипатталады. Болашақ қазақ әдебиеті мамандарының ой-өрісін, зияткерлік қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, тұлғалық әлеуетін дамытуда қазақ халқының ұлттық негізі болып табылатын көркем әдебиеттің орны ерекше. Магистранттардың жаңа заман әдеби процесінің бағыт-бағдарын саралай алуының, олардың әдеби білім мазұнын меңгеруінің әдебиет-танымдық құзыретіліктерін қалыптастырудың алғышарты – отандық және әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылым жетістіктерінің парадигмасында қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық және оны оқытуға арналған өзекті ғылыми, тәжірбиелік мәселелерді кіріктіре пайдалана отырып, ғылым мен білім беру арасындағы алшақтықты жою. Білім беру бағдарламасының негізі – ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жүргізе алатын педагогикалық кадрларды даярлаудан тұрады.

Нарықтағы сұранысы. Қазіргі таңда теориялық, педагогикалық және басқарушылық қабілеті жоғары, кәсіби қызметтегі цифрлық технологияларды жан-жақты меңгерген, заман сұранысына жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандар даярлай отырып, жоғары мектеп пен орта білім беру саласындағы көшбасшылықты меңгеруге бағытталған болып табылады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерекшелігі	Қысқаша сипаттамасы	
	А траекториясы(Әдебиет)	В траекториясы (Тіл)
Академиялық ұтқырлық	БББ аясында кафедра Нийде университетімен (Түркия) №... 23.01.2018, Мугла университетімен (Түркия) №... 23.05.2016 белсенді қарым-қатынас орнатқан.	
Қос дипломды бағдарлама	-	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	-	

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Варшава университетімен сәйкестігі (Польша) – 30 %

Лейден университетімен сәйкестік (Нидерланды) – 40 %

Вена университеті сәйкестік (Австрия) – 30%

Ресей Халықтар достығы университетімен сәйкестік – 40 % ды құрайды.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

«7M016-Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мұғалімдер даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

Кәсіби қызмет саласы: оны іске асыру саласындағы инновациялық қызмет, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмысы, қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық орталықтары, қоғамдық, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдар; әлеуметтік-мәдени жобаларда кәсіби оқытушылық, ақпараттық-талдау қызметі.

Қазақстанның, басқа шет елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттары мен білім беру мекемелеріне, ғылыми және қоғамдық ұйымдарына жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие. Кәсіби қызметінің өрісіне жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда білім беру, баспа ісі, бұқаралық-ақпарат құралдары, беру саласындағы әкімшілік қызметтер (орта және арнаулы орта) салалары жатады.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

- қазақ аудиториясында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту саласында педагогикалық, ғылыми, басқарушылық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімді меңгеру.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

- жалпы білім беретін және мамандандырылған орта мектептерде, лицейлерде, колледждерде, гимназияларда, жоғары оқу орындарында, зерттеу орталықтарында, ғылым саласында, білім департаменттерінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мекемелерінде сабақ жүргізе білу.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

- қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану.

4 кәсіби құзыреттілік саласы

- оқу үдерісін, қазақ тілі мен әдебиеті курстарының мазмұнын жоспарлау, материалды, әдістерді, мазмұнды іс-әрекеттің құралдарын таңдау және даму ортасын ұйымдастыру.

5 кәсіби құзыреттілік саласы

- әртүрлі ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде бейіндік пәндер бойынша ғылыми зерттеулерді орындау.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Студенттер өздерін әлемнің азаматтары және цифрлық қоғамның жауапты мүшелері ретінде таниды, цифрлық ақпарат пен технологияларды қауіпсіз пайдалануға, этикалық және құқықтық нормаларды сақтауға жәрдемдеседі.

ОН 2 – Студенттер өзін-өзі реттеу принциптерін қолданады, өмірдің барлық аспектілерінде рефлексивті, белсенді өмір салтын ұстанады, жаңа білімге ашықтығын көрсетеді және ақпаратты алуға және талдауға зерттеушілік құштарлығы бар.

ОН 3 – Студенттер әртүрлі қауымдастықтарда, 3 тілде оңай қарым-қатынас жасай алады, идеяны тиімді жеткізу дағдыларын меңгереді, команданы басқара алады және оның бір бөлігі бола алады, инклюзивті орта құра алады, жаңа білімге бейімделеді және ашық болады.

ОН 4 – Қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелерін меңгереді;

ОН 5 – Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оқыту әдістерін іске қосады;

ОН 6 – Қазақ әдебиеттануы мен лингвистикасындағы жаңа бағыттарын, фольклор мен қазіргі әдебиеттегі конвергенцияны игереді;

ОН 7 - Ғылымизерттеудіңәдіснамасы мен технологиясын кәсіби деңгейде пайдаланады;

ОН 8 - Әлемдік филология үдерісін зерттеудің эмпирикалық әдістерін теориялық тұрғыдан танып, мәтіннің әдеби және лингвистикалық аспектілерінеталдауды жүзеге асырады;

ОН 9 - Қазіргі тіл білімі мен әдебиеттанудағы пәнаралық зерттеулер аясында көркем шығармашылықты зерттеу қабілеті қалыптасады;

ОН 10 - Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті және лингвистиканың тенденциясы мен желілік әдебиеттің теориялық аспектісін зерделейді;

ОН 11 - Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің жаңа көркемдік айшықтары мен қазіргі тіл біліміндегі нейро және психолінгвистика негіздерініңмәнін жаңаша қарастырады;

ОН 12 - Жоғары мектепте тіл мен әдебиетті оқытудың ұстанымдарын, оқытудың жаңа технологияларын қолдана біледі.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1	+				+	+	+		+		+	+
ТА 2		+		+				+		+	+	
ТА 3				+			+		+	+		
ТА 4			+		+			+		+		
ТА 5	+				+	+	+	+	+			+
ТА 6		+	+	+		+	+			+	+	+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттердің жалпы саны	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредит	Цикл/компонент
1	ISE Модуль - 1 Ғылым мен білімнің интеграциясы	16	1	ISE 501 Ғылым тарихы мен философиясы	4	БП ЖК
			2	ISE 502 Шетел тілі (кәсіби)	4	БП ЖК
			3	ISE 503 Жоғары мектеп педагогикасы	4	БП ЖК
			4	ISE 504 Басқару психологиясы	4	БП ЖК
2	LFL Модуль 2 Әдебиеттану мен фольклористика және академиялық қазақ тілі	20	1	LFL 501/1 Ғылыми зерттеулердің методологиясы мен технологиясы	5	Бейіндеуші пән / ЖК
			2	LFL 502/1 Фольклор және әдеби конвергенциялар	5	БП / ТК
			3	LFL 502/2 <i>Қазіргі пунктуацияның прагматикалық әлеуеті</i>		
			4	LFL 503/1 Әдебиеттанудағы пәнаралық зерттеулер	5	БП / ТК
			5	LFL 503/2 <i>Академиялық қазақ (латын) жазуы</i>		
			6	LFL 504/1 Интермәтінділік теориясы	5	БП / ТК
			7	LFL 504/2 <i>Теориялық және қолданбалы лексикография</i>		
3	KLC Модуль 3 Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті және лингвистика	15	1	KLC 501/1 Әдебиеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас	5	Бейіндеуші пән / ТК
			2	KLC 501/2 <i>Тіл және мәдениетаралық коммуникация</i>		
			3	KLC 502/1 Көркем әдебиеттегі ұлттық таным	5	Бейіндеуші пән / ТК
			4	KLC 502/2 <i>Коммуникативтік кеңістіктегі лингвоэкология</i>		
			5	KLC 503/1 Желілік әдебиеттің теориялық аспектісі	5	Бейіндеуші пән / ТК
			6	KLC 503/2 <i>Әлеуметтік лингвистика</i>		
4	NPT Модуль 4 Филология ғылымдарының дамуындағы жаңа үрдістер және оқыту	23	1	NPT 601/1 Әдеби сынның даму тенденциялары	6	Бейіндеуші пән / ТК
			2	NPT 601/2 <i>Қазақ тілінің функционалды грамматикасы</i>		
			3	NPT 602/1 Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің поэтикасы	6	Бейіндеуші пән / ТК
			4	NPT 602/2 <i>Нейро және психолінгвистика негіздері</i>		

	технологиялары		5	NPT 603/1 Әдеби процесс: ағым-бағыттар теориясы	6	Бейіндеуші пән / ТК
			6	NPT 603/2 <i>Тілдік тұлға акмеологиясы</i>		
			7	NPT 604/1 Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиялары	5	Бейіндеуші пән / ТК
			8	NPT 604/2 <i>Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары</i>		
5	RW Модуль - 5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары	4	1	RW 601 Педагогикалық практика	4	БП ЖК
		10	2	RW 5 (6)02 Зерттеу практикасы	10	БП ЖК
		24	3	RW 5 (6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	24	МҒЗЖ
6	FE Қорытынды аттестаттау	8	1	FE 601 Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРЖК)	8	ҚА
БАРЛЫҒЫ:		120			120	

2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

ISE Модуль - 1 Ғылым мен білімнің интеграциясы							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль белгілі бір әлеуметтік мәртебедегі ғылыми білімнің жалпы заңдылықтарын зерттеуге бағытталған университет компонентінің негізгі және негізгі пәндер жиынтығымен ұсынылған; жоғары оқу орындарының педагогикасы, психологиялық менеджменттің категориялық жүйесі, басқару тәжірибесінің психологиялық негіздері; білім беру саласындағы дербес ғылыми педагогикалық зерттеу тәжірибесі. Студенттер кәсіби және ғылыми салаларда қолдану үшін тілдік коммуникативті құзыреттерді игереді.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ISE 501 Ғылым тарихы мен философиясы	БП ЖК	4	Ғылым тарихы мен философиясы-магистратураның барлық білім беру бағдарламалары үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ғылым философиясының жалпы мәселелеріне кіріспе болып табылады. Ғылым кең әлеуметтік-мәдени контексте және тарихи дамуда қарастырылады. Қазіргі заманғы техногендік өркениет дағдарысының проблемаларына және әлемнің ғылыми бейнесін, ғылыми ұтымдылық түрлерін, ғалымдар бағдарланған құндылықтар жүйесін өзгертудің жаһандық тенденцияларына ерекше назар аударылады	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар	ОН 2	жазбаша
2	ISE 502 Шетел тілі (кәсіби)	БП ЖК	4	Шетел тілі (кәсіби) -мақсаты-сөйлеу дағдыларын дамыту: пікірталас жүргізу, әртүрлі тақырыптар бойынша және әртүрлі жағдайларда өз пікірін білдіру. Грамматиканы үйрену оны ауызша сөйлеуде қолдануға бағытталған. Бағдарлама басқа тілдік дағдыларды игеруді және жетілдіруді қамтиды:	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция,	ОН 2; ОН 3	жазбаша

				<p>тыңдау, оқу, жазу, сонымен қатар сөйлеу.</p> <p>Бұл курста оқу студенттерге ағылшын тілінің грамматикасы мен сөздік қоры туралы білім алуға, тілді меңгеру деңгейін арттыруға, сөйлеу, оқу және аударма дағдыларын жақсартуға, ағылшын тілін құлақпен қабылдауға, тілдік кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Қарапайым: қарапайым сөйлемдерді түсіну, жеке сөз тіркестерін құру, жазбаша және ауызша сөйлеуді түсіну қиын. Pre-intermediate деңгейі: бейімделген мәтіндерді оқу, шағын сөздік. Аралық деңгей: кез-келген тақырыпта әңгімелер жүргізу, бірақ дұрыс сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлеу мәнерін табу, пікір білдіру және сұхбаттасушыны жақсы түсіну, тез сөйлеу. Upper-intermediate деңгейі: сөйлеу жылдамдығына немесе сұхбаттасушының аймақтық екпініне қарамастан, қарапайым ағылшын тілін түсіну. Жетілдірілген деңгей: белгілі бір тілге тән фразеологиялық бірліктер мен идиомаларды білу, кез-келген қиындық деңгейіндегі мәтіндерді оқу және түсіну. Ағылшын тілінің жалпы курсы студенттерге осы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік береді.</p>	<p>интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – кейс-стади</p>		
3	ISE 503 Жоғары мектеп педагогикасы	БП ЖК	4	Жоғары мектептің педагогикасы-Қазіргі әлемдегі жоғары білім. Жоғары мектеп педагогының кәсіби-	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық,	ОН 1; ОН 2; ОН 3	жазбаша

				педагогикалық мәдениеті. Педагогикалық қарым-қатынас. Жоғары мектептің педагогикалық процесс теориясы. Жоғары мектеп дидактикасы. Жоғары кәсіптік білімнің мазмұны. Оқу процесін басқару. Жоғары мектепті оқытудың әдістері мен формалары. Жоғары мектептің тәрбие теориясы. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің теориясы. Педагогикалық технологиялар. ЖОО-ны басқару.	бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – кейс-стади, – презентациялар		
4	ISE 504 Басқару психологиясы	БП ЖК	4	Басқару психологиясы-Басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық мәселелері. Басқарушылық ісәрекетті талдау. Менеджердің тұлғалық ерекшеліктері. Басқару міндеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Меншік психологиясы. Басқарушының кәсіби іс-әрекеті. Басқару субъектісінің қызметтері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамалары. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиясы. Ұйымның кадрлық саясатын психологиялық қолдау.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – кейс-стади	ОН 1; ОН 2	жазбаша

				Ұйымдағы дау-дамайлар психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары.			
<p>LFL Модуль 2 Әдебиеттану мен фольклористика және академиялық қазақ тілі</p> <p><i>Модуль сипаттамасы:</i> Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттар мен мәтінмен жұмыс жасаудың өзіндік принциптерін меңгеріп, фольклористиканың теориялық-әдіснамалық мәнін толығымен ұғынады. Академиялық қазақ тілінің теориясы мен практикасының даму бағыттарын игере алады.</p>							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	LFL 502/1 Фольклор және әдеби конвергенциялар	БП / ТК	5	Әдебиет пен фольклордың онтологиялық өзара қарым-қатынас заңдылықтары, қазіргі кезеңдегі әдебиет пен фольклордың даму тенденциялары жүйелі сипатталады. Магистранттар фольклор мен әдебиеттің конвергенциясы процестерін түсінудің теориялық-әдіснамалық негізін саралап, қазіргі әдебиеттегі фольклорлық сарынның бейнелену ерекшеліктеріне, поэтикасына теориялық талдау жасай алады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлікөздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар,	ОН 3, ОН 4, ОН 5	жазбаша
2	LFL 502/2 <i>Қазіргі пунктуацияның прагматикалық әлеуеті</i>			Тыныс белгілерінің түрлері мен қызметтерін, жазба тіл мен ауызша тіл жүйесіндегі пунктуациялық ерекшеліктер, пунктуациялық норма мәселесі, сөйленімді коммуникативтік-мазмұндық ұйымдастырудағы пунктуацияның қызметі қарастырылады. Білім алушы тыныс белгілерінің функционалдық-прагматикалық сипатын, сөйлемнің соңғы позициясындағы ажыратушы белгілерін, көп тараған функционалдық белгілер мен	– пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 3, ОН 4, ОН 5	жазбаша

				метаграфикалық белгілерді меңгереді.			
3	LFL 503/1 Әдебиеттанудағы пәнаралық зерттеулер	БП / ТК	5	Пәнаралық зерттеулер аясында көркем шығармашылықты саралап, әдебиеттанудың басқа ғылымдармен интеграциясы мәселесін қарастырады. Магистранттар көркем шығармашылықты зерттеуде жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар тәсілдерін қолдану принциптері мен ерекшеліктерін кешенді және пәнаралық тәсілдер арқылы пайымдай алады. Зерттеу әдістемесіне қатысты жаңа идеяларды синтездеуде сандық технологияларды байланыстыра өз көзқарастарын дәлелді түрде ұсына алады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар.	ОН 4, ОН5, ОН 6	жазбаша
4	LFL 503/2 <i>Академиялық қазақ (латын) жазуы</i>	БП / ТК		Пән тілді академиялық деңгейде ауызша және жазбаша түрде байланыстыру саласында зерттеудің және практикалық жұмыстың негізгі әдістерін қолдануға бағытталған. Тілімізді кәсіптік деңгейде тереңдетіп зерттеу, филологиялық және күнделікті пәндер бойынша әдеби тілде және ауызша сөйлеу дағдысын еркін меңгертіп, сондай-ақ, шет елдік зерттеушінің, аудармашы мен референттің жұмысын белсенді сөздік қорын қолдану арқылы қалыптастыра алады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар	ОН 3, ОН 4, ОН 5	жазбаша
5	LFL 504/1 Интермәтінділік теориясы	БП / ТК	5	Интермәтінділік теориясы бір мәтіннің екінші мәтінде сөзбе-сөз қолданылуын, дәйексөзді, метамәтінділікті, өзі түсінік	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,	ОН 4, ОН 5, ОН 6	жазбаша

				беретін мәтін мен сол мәтінге берілетін түсініктемені біріктіретін трансмәтіндік байланысты, мәтін мен шындық арасындағы мәтіндік инстанцияларды қарастырады. Сондай-ақ магистранттар мәтіннің өзінің архимәтінімен қатынасын, гипермәтінділікті түсініп, интермәтінділіктің түрлерін меңгереді.	– пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – презентациялар		
6	LFL 504/2 <i>Теориялық және қолданбалы лексикография</i>			Теориялық және қолданбалы лексикография пәні қазіргі қазақ лексикографиясының теориясы мен практикасы дамуының негізгі бағыттары туралы қарастырады. Лексикография теориясын, сөздіктің макро және микро құрылымын, стильдік белгілер, компьютерлік лексикография және корпуслық лексикографияны, терминология және терминологиялық сөздік, этнографизмдер және көне сөздерді жүйелі түрде меңгере алады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, т.б.), – кейс-стади,	ОН 3, ОН 4, ОН 5	жазбаша

KLC Модуль 3 Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі қазақ әдебиеті және лингвистика

Модуль сипаттамасы: Ғылыми зерттеулердің методологиясы мен технологиясын жете игеріп, әдебиет пен тілдің мәдениетаралық қарым-қатынасын, желілік әдебиеттің теориялық аспектісін меңгере алады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	LFL 501 Ғылыми зерттеулердің методологиясы мен технологиясы	Бейіндеуші пән / ТК	5	Ғылыми мақаланы жазу процесінде филологиялық және пәнаралық білімді синтездеу және трансформациялауды, әлем әдебиетінің өзекті сұрақтары бойынша ғылыми мақаланы құру үрдісін жоспарлау және іске асыруды	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – ақпараттың әр түрлі көздерімен	ОН 4, ОН 5, ОН 6	жазбаша

				меңгертеді. Ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастырып, олардың шешімін табуға және ғылыми жарияланымда көрсетуге, фактілерді жинау, өңдеу, талдау, филологиялық және ғылыми-техникалық ақпаратты жинақтауды үйретеді.	жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар		
2	KLC 501/1 Әдебиеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас	Бейіндеуші пән / ТК	5	Бұл пән әдеби шығармашылықтың даму кезеңдерінен және әлем әдебиеті мысалында көркем шығармашылықтың даму тарихын жүйелей келе, идеялық-көркемдік ұстанымдардың кезеңдік ерекшеліктерінен түсінік береді. Салыстырмалы-тарихи әдістің қолданылу ерекшелігін, компаративистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, мәселелерін игереді. Әдеби байланыстың формаларын оқуда компаративтік зерттеу әдісін қолдана отырып талдау жасай алады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – кейс-стади	ОН 4, ОН 5, ОН 6,	жазбаша
3	KLC 501/2 <i>Тіл және мәдениетаралық коммуникация</i>			Тіл және мәдениетаралық коммуникация лингвистика, мәдениеттану, коммуникативистика және лингводидактика тоғысында орналасқан қарқынды дамып отырған және қоғаммен талап етілген теоретикалық және қолданбалы ғылыми бағыт болып табылады. Этникалық мәдениеттің жергілікті мәдени бөлігінде және жаһандық халықаралық кроссмәдени	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар	ОН 5, ОН 6, ОН 7	жазбаша

				коммуникациядағы кеңістік пен уақыт аспектілердегі түсініктердің қалыптасуына ықпал ету мәселелері қарастырылады.			
4	KLC 502/1 Көркем әдебиеттегі ұлттық таным	Бейіндеуші пән / ТК	5	Бұл пәнде бүгінгі уақыт талаптарына сай ұлттық танымдық негізде сараланған қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері оқытылады. Магистранттар ұлт руханиятына үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармаларындағы ғылыми-танымдық, көркемдік ерекшеліктермен қоса, рухани мәдени құндылықтар, ұлттық идея, ұлттық болмысты қазіргі көзқараспен толыққанды меңгере алады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар, – шығармашылық жұмыстар	ОН 5, ОН 6, ОН 8	жазбаша
5	KLC 502/2 <i>Коммуникативтік кеңістіктегі лингвоэкология</i>			Эколингвистика немесе тіл экологиясы лингвистиканың философиялық, психологиялық, әлеуметтік бағыттарында қалыптасқан тіл білімінің жаңа әрі болашағы зор ғылыми бағыттарының бірі. Этнолингвистика экология мен лингвистиканы біріктірген ғылыми бағыт ретінде тілдер арасындағы қарым қатынасты, адам мен қоршаған ортаның ықпалын оқытады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – кейс-стади, – презентациялар	ОН 3, ОН 7, ОН 8	жазбаша қолданылады
6	KLC 503/1 Желілік әдебиеттің	Бейіндеуші пән / ТК	5	Бұл пән көркем шығармаларды оқырманға жылдам таратудың бір тәсіліне айналып кеткен желілік	- бірлескен жұмыстар (жұптық,	ОН6, ОН 7,ОН 8	жазбаша

	теориялық аспектісі			әдебиеттің теориялық аспектісін, қазіргі қазақ желілік әдебиетінің өзіндік ерекшелігімен қоса, оны кеңейту мәселесін қарастырады. Магистранттар ғаламтор арқылы насихатталған қазақ әдебиетінің электронды мәтіндердің қолжетімділігін, желілік әдеби процесс тарихын жүйелі түсінеді.	топтық, бүкіл аудиторияның), – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау, – шығармашылық жұмыстар, – презентациялар		
7	KLC 503/2 <i>Әлеуметтік лингвистика</i>			Бұл пәндің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін, оның әлеуметтік табиғатын, әлеуметтану, әлеуметтік психология және этнографиямен қатар дамитын жалпы тіл білімін қарастырады. Магистранттар әлеуметтану мен лингвистика ғылымдарының сабақтастығына негізделген тіл білімінің жаңа ағымдарын меңгереді.	- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – кейс-стади	ОН 3, ОН 7, ОН 8	жазбаша

NPT Модуль 4 Филология ғылымдарының дамуындағы жаңа үрдістер және оқыту технологиялары
Модуль сипаттамасы: Қазақ әдебиетінің поэтикасы, сыны мен әдеби процесін теориялық тұрғыдан зерделей отырып, тілдегі тілдік тұлға акмеологиясын, нейро және психолінгвистика негіздерін толық саралай алатын болады. Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың жаңа инновациялық технологияларын үйренеді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	NPT 601/1 Әдеби сынның даму тенденциялары	Бейіндеуші пән / ТК	6	Қаламгерлердің болмысын жан-жақты әрі толық ашатын көптеген монографияларды оқу, сыни бағалау, қазақ әдебиетінің даму жолдары мен бағыттарын түсіндіру, қазақ әдебиетінің	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар,	ОН 3, ОН 5, ОН 6	жазбаша

				негізгі тақырыптары мен проблемаларын жан-жақты талдау мәселесі қарастырылады. Сыни түсіндірмелер мен бағалаулардың даму тарихын бағдарлауды, сын мақалалардың стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ажыратуды игереді.	– ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – презентациялар		
2	NPT 601/2 <i>Қазақ тілінің функционалды грамматикасы</i>			Пән қазақ тіл білімінің соңғы жылдары дамуындағы тілдік бірліктерді: таңбаны, дыбысты, сөзді, морфемаларды, тіркестерді, сөйлемдерді функционалдық бағытта зерттеу мәселесін қарастырады. Магистранттар структуралық бағытта қарастырылған тіліміздің семантикалық жағымен қоса, қызметін де толық саралай алатын болады.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау, – кейс-стади, – презентациялар	ОН 3, ОН 4, ОН 5	жазбаша
3	NPT 602/1 Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің поэтикасы	Бейіндеуші пән / ТК	6	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің артық-кем тұстарын ескере отырып, жаңаша қарастырады. Қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік айшықтар мен өрнектер мәнін ашу, көркем антропологиялық аспекті мен виртуальдық, мистикалық сарындар сыры сараланады. Қазіргі қазақ әдебиетінің жаңаша поэтикалық бітімін танытатын шығармаларға мифологема тұрғысынан поэтикалық талдау жасауды меңгереді.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.)	ОН 3, ОН 5, ОН 8	жазбаша

4	NPT 602/2 <i>Нейро және психолінгвистика негіздері</i>			<p>Әр түрлі сөздердің психологиялық мәндерінің сәйкестік дәрежесін анықтау, кез-келген бірліктердегі қауымдастықтардың қарым-қатынастарының негізгі құрылымын анықтау үшін кез-келген тіл бірлігінің позициясын зерттеу, басқа элементпен топтастыру психологиялық эксперимент жүргізу, сөз-ынталандырудың абстрактілік дәрежесін және оның коннотативті мағынасын және психологиялық реакциялар иерархиясының мөлшеріне әсерін анықтау мен психологиялық топтардың санасын білу мәселелерін қарастырады.</p>	<p>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар</p>	ОН 3, ОН 7, ОН 8	жазбаша
5	NPT 603/1 Әдеби процесс: ағым-бағыттар теориясы	Бейіндеуші пән / ТК	6	<p>Әлемдік әдеби үдерісте романтизмді теориялық тұрғыда тану оның бағыт ретінде бастау алған кезеңінен бастап, қазіргі күндерге дейін жалғасып келеді. Романтикалық өнер – көркемдік мәдениет тарихындағы ерекше, маңызы айрықша құбылыс. Пән романтизмнің әлемдік мәдениет тарихындағы орны мен маңызын, көркемдік-эстетикалық мәнін, жалпы көркемдік дамудың заңдылықтарын оқытады.</p>	<p>- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – шығармашылық жұмыстар, – презентациялар</p>	ОН 3, ОН5, ОН 8	жазбаша
6	NPT 603/2 <i>Тілдік тұлға акмеологиясы</i>			<p>Бұл пән қазіргі заманғы қоғамның тұлғалық кемелденген және жедел өзгертін әлеуметтік әлемнің жағымсыз жағдайларына төтеп беруге қабілетті, құзыретті мамандарға, жоғары білікті</p>	<p>– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар,</p>	ОН 3, ОН 4, ОН 7	жазбаша

				кәсіпқойларға деген қажеттілік негізінде туындады. Пәнді оқу барысында магистрант тұлғасының үдемелі, ілгері дамуына ықпал ететін, жоғары тұлғалық-кәсіби жетістіктерге әсер ететін заңдылықтар, механизмдер, жағдайлар мен факторлар қамтылады.	– ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс, – кейс-стади, – презентациялар		
7	NPT 604/1 Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиялары	Бейіндеуші пән / ТК	5	ЖОО-да әдебиетті оқытуға қажетті әдістемелік, теориялық, тәжірибелік ұғым-түсініктерді тереңнен меңгерте отырып, заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолдана алады. Оқу үдерісінде бағдарлама мазмұнын жасауға қажетті материалдарды білу, әдебиетті оқытудың озық педагогикалық тәжірибелері мен жаңаша әдістерді тәжірибе жүзінде қолдануды қалыптастырады.	- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), – жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.)	ОН 2, ОН5, ОН 9	жазбаша
8	NPT 604/2 <i>Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары</i>			ЖОО-да білім берудің әлемдік жаңа парадигмалық даму жүйесін, тілдерді оқытудың өзекті мәселелерін және тілдерді меңгертудің жаңа танымдық-когнитивтік технологиясын жүзеге асырудың тетіктерін меңгертеді. Тілдерді антропоөзектік бағытта меңгертудің тіл табиғатын тануда, оның қоғамдық қызметін анықтауда және тілді ұлттың рухани-мәдени байлығы ретінде сана мен тіл тұтастығында меңгерудің жолдарын игертеді.	– жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, – пікірталастар, – ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, т.б.), – презентациялар	ОН 2, ОН5, ОН 9	жазбаша

RW Модуль 5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары

Модуль сипаттамасы: Магистранттың теориялық білімін педагогикалық және зерттеу практикаларында қолдана білуге дағдыландырады.

Тағылымдамадан өту диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысының бағытын айқындап, сапасын арттыра түседі.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	RW 601 Педагогикалық практика	БП ЖК	4	Педагогикалық шеберлік дағдыларды қалыптастыру. Оқыту тәжірибесін құру. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Педагогикалық технологияларды меңгеру және педагогикалық тәжірибені интеграциялау мүмкіндігі.	Оқу-тәрбие процесі	-	Есеп беру
2	RW5 (6)02 Зерттеу практикасы	БП ЖК	3	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық методологиялық, практикалық жетістіктерін, заманауи әдістер жиынтығын тексеру эксперименттік деректерге түсінік беру және бекіту.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
3	RW5 (6)02 Зерттеу практикасы	БП ЖК	7	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, методологиялық, практикалық жетістіктерін, заманауи әдістер жиынтығын тексеру және диссертация жұмысы барысындағы эксперименттік деректерге түсінік беру және бекіту.	Тәжірибелік жұмыс		Есеп беру
4	RW 5 (6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың	МҒЗЖ	1 2	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру

	Ғылыми зерттеу жұмысы				диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.			
	Ғылыми зерттеу әдістері		1		Ғылыми зерттеу әдістері - ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі ұғымдары, зерттеу жүргізудің ғылыми әдістері, әртүрлі зерттеулер жүргізу кезінде әдістер тобын таңдаудың негізділігі, пәндік зерттеулер саласындағы зерттеудің жалпы ғылыми, формальды-логикалық, пәнаралық әдістері, ғылыми-зерттеу практикасының негізгі мәселелері қарастырылады. Пән пәндік зерттеулер саласында ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастырады.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
5	RW 5 (6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	2	4	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру

					зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.			
	Академиялық жазылым		2		Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
6	RW 5 (6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	3	7	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру

	Ғылыми зерттеу әдістері		4	Ғылыми зерттеу әдістері -ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі ұғымдары, зерттеу жүргізудің ғылыми әдістері, әртүрлі зерттеулер жүргізу кезінде әдістер тобын таңдаудың негізділігі, пәндік зерттеулер саласындағы зерттеудің жалпы ғылыми, формальды-логикалық, пәнаралық әдістері, ғылыми-зерттеу практикасының негізгі мәселелері қарастырылады. Пән пәндік зерттеулер саласында ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастырады.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
7	RW 5 (6)03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	11	Магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттейді; модельдеу, мәліметтер жинау әдістері; заманауи бағдарламалық өнімдер; ғылыми-техникалық есептерді дайындау ережелері. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша магистрант өзінің диссертациясының тақырыбын түпкілікті тұжырымдап, осы тақырыптың өзектілігі мен практикалық құндылығын дәлелдеп, оны зерттеу бағдарламасын жасап, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүзеге асыруы керек.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
8	FE 601 Қорытынды аттестаттау	ҚА	8	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРЖҚ)	Диссертацияны аяқтау, рәсімдеу	-	Қорғау

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі магистранттардың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

«7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша кітапхана қоры 2020 жылғы 1 мамырға 52463 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 39339 дана, орыс тілінде 12989 дана және шетел тілінде 125 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасы магистранттарының келесі ғылыми журналдарға: «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Тілтаным», т.б. кіруі қамтамасыз етілген.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ магистранттарына дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, магистранттар компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кезкелген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекен жайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында магистранттарға ұсынылатын толық мәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын Қазақ әдебиеті кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны – 15 адам., оның ішінде:

Ғылым докторы – 3

Ғылым кандидаты – 6

Философия докторы (PhD) – 2

Магистр – 4

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 70,5 %

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.

3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Кафедра жанында «З.Ахметов және қазақ әдебиеттануының негіздері» дәрісханасы (2002), «Қазақ әдебиетінің тарихы мен типологиясы» дәрісханасы (2006), «Қазақ фольклористикасы» дәрісханасы (2011) ашылған. Ғалымдардың ғылыми мұралары зерттеліп, теориялық-әдіснамалық негіздері сараланатын және халық ауыз әдебиеті мен қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы жайында ғылыми еңбектермен жабдықталған бұл дәрісханаларда болашақ ғылыми кадрлардың ізденістеріне толық жағдай жасалған.

Кафедрада «Ізденіс» ғылыми-зерттеуге, «Назқоңыр» шығармашылыққа баулуға, «Инжумаржан» мәнерлеп оқуға үйрететін студенттік үйірмелер жұмыс жасайды.

Басқа қаладан келген магистранттар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Әр студенттік үйдің тұрғындары үшін қажетті жағдайлар жасалған, жатақхана қызметкерлері түрлі

қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар мен конкурстар өткізеді. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін лифт, пандус бар. Әр студенттік үйде жабдықталған тренажер залы бар. Барлық студенттер үйлерінде әр бөлмеде интернет желісіне қол жетімді. Желіге кіру оқу үрдісінде іске қосылған компьютерлердің 80%-дан және білім беру қызметін әкімшілендіруде пайдаланылатын компьютерлердің 70%-дан тұрады. Барлық оқу корпустарында Wi-Fi сымсыз желісі бар.

Университет территориясында медициналық орталық, «Жан шуағы» психологиялық орталығы қызмет етеді.

Практика базалары:

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты	№45. 12.04.2017 ж.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
Оқу-әдістемелік бағыт			
1	Мамандық бойынша оқытылатын пәндер негізінде оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шығару	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы
2	БББ құру, пәндер тізбесіне өзгерістер енгізу	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы
Ғылыми-зерттеу бағыты			
1	«Ұлттық әдебиеттегі алаш қозғалысының көрінісі және зиялылар тұлғасы» атты ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық жобасы	2022-2024 ж.ж.	ф.ғ.к., профессор К.Әбдіқалық
2	Scopus базасына енген басылымдарға мақалалар дайындау, жариялау	Жыл бойы	Профессор-оқытушылар құрамы
3	Кафедра ғылыми бағыты бойынша Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарға мақалалар, монографиялар, шығару	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
Тәрбие бағыты			
1	Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие жөніндегі іс-шаралар	Мерзімінде	Магистранттар Топ эдвайзері
2	Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша кездесулер, әдеби-сазды кештер ұйымдастыру	Мерзімінде	Магистранттар Топ эдвайзері
Біліктілікті арттыру			
1	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы ұсынған бағдарламалар негізінде курстан өту	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы

2	Шетелдерде ғылыми тағылымдамадан өту	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
3	ҚазҰҚызПУ-нің Біліктілікті көтеру орталығы ұйымдастырған курстарға, семинарларға қатысу	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы Магистранттар
Кәсіптік бағдар беру жұмысы			
1	Республикалық, қалалық ақпарат құралдарына мамандықтар туралы мақалалар жариялау, жарнамалық жұмыстар жүргізу	Жыл бойы	Профессор-оқытушылар құрамы
2	Аймақтық кәсіби бағдар беру жұмыстарына атсалысу	Мерзімінде	Профессор-оқытушылар құрамы